

ЖАРКЕНТ

Айнасы

№7 (10), 5 сәуір, жұма, 2019 жыл, jar-aina@mail.ru



ЕРБОЛ МЕН ЛӘЗЗАТ «ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ» АТАҒЫНА ЛАЙЫҚ



Мен осыдан отыз жылға жуық уақыт бұрын, яғни, «Желтоқсан оқиғасының» бес жылдығы қарсаңында «ОСЫ ЖҰРТ ЕРБОЛ ЖАЙ-ЛЫ БІЛЕ МЕ ЕКЕН?!» және Ләззат Асанова туралы «ҚҰПИЯЛЫ ҚАЗА ҚАСИРЕТІ» Ләззаттың анасын әлі күнге дейін аяусыз азаптап келеді» атты екі мақала жазған едім. Бұл жарияланымдар жарияланды Жаркент жеріндегі тұңғыш тәуелсіз газет, аудандық «Қазақ тілі» қоғамының органы - «Ұлағат» басылымының 1991 жылғы қараша айындағы нөмірінде қатар жарық көрген.

«Желтоқсандықтар» жайлы ауданда алғаш тасқа басылған сол қос мақаланы үтір-нүктесіне дейін тиіспей сол күйінде жариялаған жөн болар деп ойлаймын.

Әрине, бұл мақалада айтылған кей мәселелер шешімін тауып, Еңбекші ауылындағы мектепке, ауылдағы көшеге, аудан орталығы – Жаркент қаласында бір көшеге Ербол Сыпатаевтың есімі берілді. Аудандық Мәдениет Үйінің алдына Ербол мен

Ләззаттың еңселі мүсінін орнаттық. Алайда ұлт болып ұлықтауға тиіс қос боздағымызды аудан деңгейінен асып, республика көлемінде дәріптей алмай жатқанымыз және шындық. Осы ретте тәуелсіздік бастауында тұратын Ербол мен Ләззат есімін ұрпақ жадында мәңгі қалдыру үшін оларға Қазақстанның ең жоғарғы наградасы – «Халық Қаһарманы» атағын қайыра сұрайтын, ел болып талап ететін уақыт келгендей. Тек желтоқсан айы жақындағанда ғана есімізге алмай, Ербол мен Ләззаттың ерлік істерін жыл бойына кешенді насихаттау шараларын қолға алатын кез жетті. Ел үшін, жер үшін құрбан болған батырларды ұлықтау, ұмытпау – ұрпақ парызы. Қасиетті тәуелсіздік жолында қыршынынан қиылып, шейіт кеткен, жас өмірлерін құрбан еткен қос боздақты дәріптеу – біздің елдік міндетіміз екенін бір сәтке де естен шығармайық.

(Жалғасы 6-бетте)

Қастеевке дейін де қазақ сурет салған. Даламыздағы қаптап жатқан балбал тас пен таңбалы тас сол сурет өнерінің сан қырының бір қыры емес пе? Текемет, ши, алаша, түскиіз, сырмақ, белдік, құрларға салған ою-өрнектер де ежелден өнерсіз халық еместігімізге айғақ қой. Зергерсіз ел болмағанымызды бәріміз де білеміз. Оның бер жағында Қазыбек бек Тауасарұлы Ұран-Майқының тұқымында Көркембек атты тас шебері болғанын, оның үш жерде салған тас сарайы ешкі ойнаққа айналып жатқанын өкіне жазғанды. Сол үш тас сарайдың бірі Тараз қаласының маңында, Тұрар Рысқұлов ауданының жерінде Ақыртас аталатынын әркім-әркім айтады, бірақ әлі ғылыми тұрғыда зерттелген жоқ. Ол жайында өткен ғасырдың 60–70-жылдарында «Білім және еңбек» журналы біраз жазып, ғалымдар тарапынан қажетті қызығушылық болмаған соң, ақырында олар да тынышталған. Әйгілі Мүйізді Өтеген батыр да сурет өнерін тәп-тәуір меңгеріп, досы Қазыбек бектің суретін қағаз бетінде қалдырыпты. Одан беріректе, XIX-ғасырда, Шоқан да артына сан алуан сурет қалдырған болатын.

«Жасыратыны жоқ, – дейді Бабит Мүсірепов, – Ұлы октябрь революциясына дейін бізде адам бейнесін суретке түсірген бір-ақ қазақ болды. Оның аты – Шоқан» (С.Мұқтарұлы «Шоқан және өмір». 1985). Шоқанның інісі Мақы да қолөнері бар кісі болған. Қысқасы, қазақ ежелден-ақ ою мен сурет салушылардан ада болмаған. Ою мен зергерлікті кәсіп еткендер кездескенмен, сурет салумен айналысқандар, яғни кәсіптік маманданған суретшілер болмаған. Оған белгілі дәрежеде діннің де әсер еткенін бәріміз білеміз. Әбілхан ағамыздың қазақ өнеріндегі орны да осы орайда айқындалады: ол – қазақтың тұңғыш кәсіби суретшісі. Бұл – өте үлкен абырой. Өйткені одан әлдеқайда әдемі салатын, ебі де, таланты да аса жоғары суретшілер бола береді және болуға да тиіс, бірақ солардың бәріне де бастамашы болған Әбілхан ағаның орны мәңгі өзгермейді. Бұл бақытты Әбекеңнің басына қондырған – талантымен қоса уақыттың сәттілігі. Қазақ Әбілхан аға тектес атағы шыққандарды бақ қонған адам деп сыйлайды. Ондай адамдардың күндеушісі де көп болады. Себебі: «Біз де одан кем салмаймыз. Керек десең, артық саламыз. Бірақ сонда да бәрі Әбілхан, Әбілхан дейді де жатады», – деушілер шығады. Ондайлар Қастеевтің көзі тірісінде де болған, әлі де бар.

Мен бұл пікірді 1983-жылдың аяғы мен 1984-жылдың басында өткен жағдайларды еске ала қозғап отырмын.

1984-жылы 1-ақпанда Әбілхан ағаның туғанына 80 жыл толатын еді. Сол мерекенің қарсаңында бұған дейін Т.Г.Шевченко атындағы көркемсурет галереясы атанып, одан кейін жаңа мекенге ауысқалы жай ғана көркемөнер мұражайы делініп тұрған өнер ордасына қазақтың тұңғыш халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің атын беру туралы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне ұсыныс түсті. Мәселе Д.Қонаевтың алдына дейін барып, оң шешілуге ыңғайланды. Бірақ күбір-сыбырлар Орталық Комитеттің ішінде кеулеп жатты. Әбілхан ағаның туған күніне аз қалғанда, мәселе кенет теріс айнала бастады.

(Жалғасы 3-бетте)

Көктеммен бірге келетін ұлыстың ұлы күні табиғат ананың ұйқысынан оянып, күн мен түн теңеліп жарықтың ұзарып, тіршіліктің жақсаратын мезгілі бұл. Шығыс пәлсапасының түсінігі бойынша «Наурыз» сөзі бізше жаңа күн атанып, «Наурыз айы – несібе айы», «Жаңа жылымыз ырысымен келсін» деп бір-бірімізді құттықтап жатамыз.

Түрлі ұлыс өкілдерінің татулықта еңбек етіп отырған нұрлы да жырлы мекеніміз Жаркент өңіріндегі «Панфилов су құбыры» мемлекеттік мекемесі Наурыз мейрамына орай Жаркент қаласының кіре берісіндегі төменгі су тоғанының жарыс алаңында наурыз көже дайындап, спорт жарыстарынан арқан тарту, гир тасын көтеру және шағын футболдан жарыс ұйымдастырды. Оған аудандық Су құбыры мекемесінің барлық ауыл бөлімшелері қамтылып, ұжымдық қызметкерлерімен қатар екі

Наурыз – көктем мерекесі

мектеп оқушыларынан жасақталған 7 командалар атсалысты. Осы өткізіліп отырған спорттық шараның мақсаты: дене тәрбиесінің адам өміріне тигізер әсері зор екенін біле отырып, адамның қабілетіне қарай қарым-қатынасын арттырып, пейілдері мен көңілдерін көктемдей кеңейту болып табылады.

Үкіметіміз де демалыс деп жариялаған Наурыздың 21-22-23 күндері ашық аспан, таза ауада өткен, барша жақсылық несібесін арттырған күншуақты көктем мейрамындағы спорт жарыстарының нәтижесін арнайы кең жайылған дастарқан басында аудандық су құбыры мекемесінің басшысы Арсаламов Айдос Айтбекұлы қорытындылады.

Қыстан аман-есен шығып, барша ұжым жұртшылығын бір-бірімен бас қосар бұл жиындағы арқан тарту жарысында бірінші орынды «Техникалық жедел қызмет көрсету» командасы жеңіп алды. Екінші орыннан өндірістік «Агро» командасы көрінді. Ал үшінші орынды ИТР инженер техникалық қызметкерлері иеленді.

Ал енді әркімнің жеке лей өз күш қуатын шамалайтын қос гир тасын көтеруден өткен сында Су құбыры мекемесінің бас инженері Батбақбаев Алдаберген (42 рет) бірінші орынды жеңіп алса, екінші орынды осы гир тасын 40 рет көтерген осы мекеменің экономисі Дархан Кудеров қалам ұстаған қолының

да қарымды екенін көрсетті, ал осы сында гир тасын 38 рет көтерген мектеп оқушысы Ерғалиев Мұқағали жүлделі үшінші орыннан көрінді.

Осы Су құбыры мекемесінің ұйымдастырып отырған Наурыз мейрамының көркін қыздырған шағын футболдан өткен жарыста Шолақай ауылының «Бірлік» командасы бірінші орынды иеленді. Олар финалда жарысқа арнайы шақырылған Жамбыл мектебінің «Жастар» атты командасымен негізгі және қосымша уақытта тең түсіп, тек ойын соңындағы пенальтимен ұтты. Жүлделі үшінші орын үшін болған ойнай «Жарсу» командасы өндірістік «Агро» командасын ұтып жүлделі орынды иеленді.

Марапаттау рәсімінде жеңімпаз және жүлдегер атанған командаларға тиісті дәрежелі мақтау грамоталары мен кубок және ақшалай сыйлықтар табысталды.

Сұлтанғазы ҚОҚАБИ

«ПАНФИЛОВ» ҚАШАН «ОРБҰЛАҚҚА» ОРЫН БЕРЕДІ?...

Иә, сөзіміздің басын ауданымыздың есімін иеленген «генерал Панфиловтан» бастайық. Бұл есім біздің ауданға 1942 жылы Ұлы Отан соғысының қызып тұрған кезінде берілген болатын. Ал, генералдың өмірбаянына келсек – Панфилов Иван Васильевич 1893 жылы 1 қаңтарда Саратов губерниясының Петровск қаласында өмірге келген. Анасының ерте қайтыс болуына байланысты сол қаладағы 4 кластық училищені де аяқтай алмай, еңбекке ерте араласуына тура келеді. Содан 1915 жылы Иван Васильевич Ресейдің императорлық әскери қызметіне шақырылады, 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін әскер қатарынан босап, 1918 жылы туған қаласы Петровскіге қайтып оралады. Көп ұзамай кеңестік Қызыл Армияға қызметке қабылданып әскери өмірі қайта басталады.

Бірден, іске қызу араласқан И.Панфилов Чехословак корпусы бүлігін басуға, Уфа операциясы мен Царицын түбіндегі ұрыстардың бел ортасында жүріп, одан Кеңес-Поляк соғысына қатысып көзге түскеннен кейін, 1920 жылы Коммунистік партия қатарына қабылданады. Келер жылы, яғни 1921 жылы әскери қызметтегі ерен ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталады. Бұдан кейінгі жылдары да әскери қызметтегі еңбегі жемісті болып, 1939 жылы Бригада командирі болып тағайындалса, 1940 жылы 4-ші маусымда И.В.Панфиловқа генерал-майор шені беріледі.

Сөйтіп, 1941 жылы 14 шілдеде Ұлы Отан соғысындағы Кеңес одағының жүрегі болған Мәскеу үшін шайқастағы орасан ерліктерімен Кеңес Одағын дүр сілкіктен 316-шы дивизияны жасақтауға бұйрық алады. Негізгі құрамы Алматы мен Фрунзенің (Бішкек), яғни, жергілікті қазақтар мен қырғыз азаматтары болды. Тарихтағы Панфиловтың 28 батырдың да даңқының шыққан кезі осы уақыт еді. Мәскеу облысының Гусенево селосында жаудың минометінің оғынан қаза тапқан И.В. Панфиловқа 1942 жылы, 12 сәуірде кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Міне, енді батыр Панфиловтың атын ұлықтау, есте қалдыру шаралары бастау алады. Сөйтіп, Кеңес одағы көлемінде 40-тан аса көшелерге есімі беріліп, 5 жерге тұғырлы ескерткіші (Мәскеу облысы Гусенево селосы, Алматы, Бішкек, Астана және Волоколамскіде) орнатылады. Және Қырғызстанда бір аудан, Қазақстанда 1 аудан, 5 мектепке, оның 3-і Қазақстанда, сондай-ақ, Қостанай облысындағы бір ауылға И.В. Панфиловтың есімі берілген екен.

Бірақ, бір өкініштісі сол кездегі осы дивизияда батальон командирі болған, көзсіз ерлігімен Кеңес Одағын мойындатқан, Куба, Израиль мемлекеттері қастерлеп, үлгі тұтатын Б. Момышұлының, соғыстың алғашқы күнінен бастап 1946 жылға дейін Украинада ерен ерлігімен аты аңызға айналған партизан Қ.Қайсенов, ұшқыш Т.Бигелдинов пен Рейхстагқа



алғаш ту тіккен Р.Қошқарбаев, т.б. көптеген жерлестеріміздің жанқиярлық ерліктері осындай дәрежеде дәріптелді ма? Жоқ!... Мінекей, ағайын бұдан біз кейбір көкелеріміз аузының суы құрып мақтайтын Кеңес үкіметінің Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын жалғастырушы бірден-бір ізбасары болғанын байқаймыз. Бір жағынан ол кезде Коммунистік партияның бар билікті қолында ұстап, қарсы келгеннің бәрінің көзін жойып отырған кезең болды. Енді міне, ол қаншеңгел Қызыл империя келмеске кетті, дегенмен оның елесі болған «құлдық психология» біздің санамызда әлі де салтанат құрып тұр. Сол себепті де Тәуелсіздіктен кейін 26 алты жыл өтсе де әлі ауданымыздың атын, тарихы терең, батырлық пен Отансүйгіштіктің баға жетпес белгісі, ұрпаққа ұран болған «Орбұлақ» деп атай алмай отырмыз.

Ал, Орбұлақ шайқасы – қазақ халқы тарихындағы орасан зор тарихи ерлік. Бұл шайқастың тарихи маңызы Қазақ-Жоңғар соғысындағы Бұланты мен Аңырақайдағы ұлы жеңістермен тең дәрежеде екендігі жылдан-жылға дәлелденіп келеді. Тарихшы И.Э.Фишерден бастау алатын осынау алапат соғыс жайында орыстың – А.И.Левшин, И.Я.Златкин, В.А.Моисеев, қазақ ғалымдары – С.Асфендияров, М.Тынышбаев, С.Сейфуллин мен қатар олардың ізін жалғастырушы – Қ.Исабаев, Б.Нұржекеұлы, Ж.Қорғасбектегі сынды алаштың ардақты жазушылары қалам тербеген. Қазақтың жазушылар 600 сайыпқыранының көзсіз ерлікке барып, Батыр хонтайшының 50000 әскеріне қасқайып қарсы тұруы, басқа бірде-бір ұлт тарихында кездеспейтін жанқиярлық ерлік! Және өзінен 83 есе көп жаудың 10000 әскерін жер жастандыруын сөзбен бейнелеп айту немесе жазу да мүмкін емес...

Егер, Салқам Жәңгір бастаған қазақ әскерінің бас қолбасшысы Қостоқты, шапырашты Қарасай, арғын Ағынтай, дулат Жақсығұл, Сырымбет, найман Көксерек, сұан Елтінді, ұзынмұрт Ұзақ, қоңырат Алатау, Қомпай, Бөде, Кіші жүзден Жиенбет, Жалаңтөс, қаңлы Сарбұқа және қырғыздан Көтен, Табай, т.б. жүздеген ерлеріміздің, тура келген ажалға қаймықпай қарсы тұрған хас батырларымыздың ерен ерлігі болмаса, біздің атамекен жау қолында қалар еді ғой. Сіздерге мың тағзым асыл текті, асқақ арманды, туған жер мен елдің қамын жеп, ке-

лешек ұрпақ үшін жанын да, қанын да аямаған ардақты бабаларым! Сонау, б.з.б дәуірде Ғұн мемлекетінің негізін қалаған Мөде Тәңірқұттың «Жер – мемлекеттің негізі» деген қағидасын мыңдаған жылдар өтсе де біздерге жеткізуші, ұлан – байтақ қазақ жері мен бабалар аманатының қорғаушылары болған – хандарымыз бен батыр, билерімізге мәңгілік қарыздармыз, ағайын!

Қазіргі таңда осынау бабалар аманатының игі істерінің жалғастырушысы болып жүрген ер – азаматтарымыз да біршама шаруаның басын қайырды. Тарих шаңына көміліп қалған аталмыш теңдессіз тарихты жарыққа шығарып, дәріптеуде қажымай қалам тартып келе жатқан – Б.Нұржекеұлы, Ә.Мендеке, Ө.Озғанбаев, М.Калиев, Ә.Әріп, О.Асқар, Ж.Қорғасбектегі, Е.Манапұлы, Д.Бейсенбекұлы мен көптеген ақын – жазушыларымыз және марқұм аудан әкімі болған Ә.Ыбраймолдаев, т.б. елжанды азаматтарымыздың еңбектері ерекше атап өтерлік. Нәтижесінде, Орбұлақ шайқасының 350 және 375 жылдығы Республика көлемінде аталып өтіп, ғылыми конференциялар өткізіліп, жинақ кітаптар шығарылды. Сондай-ақ, Панфилов ауданының орталығы Жаркент қаласында Орбұлақ шайқасы бейнеленген «Ұлы Жебе» атты үлкен ескерткіш ашылды.

Бірақ, өкінішке қарай біршама жылдан бері көтеріліп келе жатқан бастаманың бірі – батыр бабаларымыздың ерлігіне құрмет көрсетіп, жас ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеуде үлкен ықпалы болатын, өнегелі істің бірі ауданымызға «Орбұлақ» есімінің берілуі әлі де кенжелеп қалуда. Сол үшін де хәкім Абай айтқандай «Толық адам» болу үшін әркім өз бойындағы кемшіліктермен, пендезілікпен күресуі керек дегеніндей, басқаша айтқанда бір күндік қысқа өмір жайлы түсініктен арылып, келешек, ұрпақтың да қамын ойлағанымыз абзал. Яғни, құлдық сана-сезімге бой ұрмай, ұрпағымыздың өзін құлдық санадан арылып толыққанды азамат сезіндіріп өсіру үшін туған жердің, елдің тарихи атауларына аса мән беріп, өскелең жастарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз қажет-ақ. Бұндай игі қадамдар болашақ ұрпақтың ішкі дүниесі мен рухани қазынасының артуына, ұлттық мақтанышқа бөленуіне зор ықпал етері сөзсіз. Әрине, мемлекеттік тұрғыдағы мұндай

іс-шаралар адамға психологиялық және рухани бостандықты сыйлайды. Әр қазақ өз жері, өз елінде ата-баба тарихымен мақтанып, еркін және бақытты өмір сүруі керек. Себебі, біздің ұлттық тарихымыз жас ұрпақ кие санап үлгі аларлықтай қасиетті тарих! Мәселен, «Егемен Қазақстан» газетінің 2019 жылдың 22 ақпанындағы нөмірінде Шығысымыздағы «Өскемен қаласында 35 көше мен 2 саябақ жаңа атауға ие болды» деген жаңалықты



оқып, ондағы – әл-Фараби, Шәкәрім, С.Нұрмағамбетов, Ә.Қашаубаев т.с.с. қазақ ұлылығының есімін көріп қуаныштан көңілім көкке бір елі жетпей қалды. Ол ол ма, сол орысы қалың дейтін Шығыс Қазақстан облысының басшылығы Зырян ауданының атауын Алтай деп өзгертіп, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Өңір жұртшылығы да бұл атауды қуана қабылдады. Сондай-ақ, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі де Зеленов ауданын Бәйтерек ауданы деп өзгертіп, мәселені оңынан шешті. Ендігі батыл қадам жасау кезегі Алматы облысының әкімдігіне келген сыңайлы...

Біздің өңірде де сонау «Орбұлақтың 350 жылдығынан» басталған игі бастама өз мәресіне жетер деген ойдамыз. Сол үшін де туған жеріміздің төл атауы қайта жаңғырып, бабалар рухының құрметіне ауданымыз «Орбұлақ» аталар деген үміттің оты, елім деген әр азаматтың кеудесінде лаулап тұр. Тек, Тәңірім тілекті берсін, сол бір қуаныштың шат-шадыман мерекесінде амандықпен жолыққанша, ағайын...

Қали ТҰРДЫҒАЗЫҰЛЫ,
тарихшы,
Жаркент қаласы

АТАҒЫНА ЛАЙЫҚ

ҚҰПИЯЛЫ ҚАЗА ҚАСІРЕТІ

Ләззаттың анасын әлі күнге дейін ауысыз азаптап келеді

– Дұрыс айтасыздар, тоғыз ай көтеріп толғатып, құрсағыңды жарып шыққан перзентіңнің қайғылы қазасын қайта-қайта еске алу, ескі жараның аузын тырнай беру оңай тимейді екен...

1986 жылғы желтоқсанның әйгілі дүрбелеңге толы күндерінде Алматыда құпиялы жағдайда қаза тапқан қыршын жас – Чайковский атындағы музыка училищесінің II-курс студенті Ләззат Асанованың анасы – Ақжазық аулындағы Жам-

Мақала жазумен де шұғылданды. Олары кезінде аудандық, облыстық газеттерде және «Ұлан» газетінде жарияланды да. Айтпақшы, домбыраны да жақсы шертетін. Ақыры, осы қабілеті арқасында 8-класты бітірісімен 1985 жылы Алматыдағы музыка училищесіне барып орыс тілінен диктанттан «бес», домбыра тарту бойынша шеберлікті сынауда «Ерке сылқымды» орындап, «төрт» алды. Сөйтіп, оқуға түсу емтихандарында тоғыз балл жинап училищеге қабылданды. Мұнда да сол баяғы алғырлығынан танбай жақсы оқыды, домбырамен қатар қобыз сияқты тағы басқа да музыкалық аспаптарды ойнауды меңгерді. Қоғамдық жұмыстарға да белсене



был атындағы орта мектептің кітапханашысы Алтынай Асанова тәтей алғашында осылай деді де сәл-пәл бөгеліп қалды. Тереңнен тыныс ала ауыр күрсінді де, аялы жанарлары жасаурай аз-маз мұңды ойға батты. Ләззаттың сымбатты да көрікті бойжеткен болғанын алдында ғана суретінен аңғарғанбыз. Сөйтсек, анасына тартқан екен. Әдемі өңі қайғы қасіретінен бір сәт қуқыл тартқанымен бұл кісінің келбеті «сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейтінін» байқатқандай. Алайда, қап-қара қолаң шашының арасындағы күмістей жылтыраған ақтары әлден-ақ тағдыр тауқыметін тарқандығын аңғартып-ақ тұр.

– Дегенмен, ақиқатқа көз жеткізулеріңізге сәл де болса септігін тигізер, өзім куә болған бар жайды бүге-шігесіне дейін айтып берейін, – деп ол біраз бөгелді де «Желтоқсан оқиғасы» кезінде құрбан болған жаркенттік боздақтардың қазасының анық-қанығын зерттеуге ден қойып жүрген азамат, «Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейінің директоры Мәлік Рақымбекұлы Балғабаев екеуімізге барлай қарап алып, мұғалімдерге тән салиқалы да сабырлы мәнгермен әңгімесін жалғастыра берді.

– Ләззат тұла бойы тұңғышым еді. Жасынан зерек, зейінді болды. Осы ауылдағы мектепте сегізінші класқа дейін үздік оқыды. (Ол қызының әр класты бітірген сайын алған мақтау грамоталарын, «бестік» қойылған жазба жұмыстарын алдымызға ысырып қойды). Өнерге деген ықыласы да ерекше-тұғын. Мектептегі көркемөнерпаздар үйірмесіне белсене қатысып, ән салды, би биледі.

ат салысып, өз курсында сектор меңгерушісі болды...

...Иә, ол осылайша қызғалдақша құлпырып өсіп келе жатты. Қыздарын көзқуанышы көретін ата-анасы – қарапайым жүргізуші Оразхан мен Алтынай тәтей бұған іштей тәубе етіп, ол туралы әрбір жылы лебізді естіген сайын марқая түсетін...

Кенет, иә-иә, кенеттен осынау жарасымды жарастықтың, сәулелі сәттердің бәрі күл-талқан болды. 1986 жылы қаралы желтоқсанның 23 күні Асановтардың үйіне аяқ асты суық хабарды арқау еткен жеделхат жетіп келді. «Қыздарыңыз қатты науқас. Тез жетіңіздер». Ілешала сол күні-ақ «Сүйегін апара жатырмыз» деген жеделхат тағы да сап ете қалды.



Осыдан біраз ғана бұрын, анығырақ айтқанда қараша айында Алматыға барып қызының амансау екенін көріп қайтқан қайран ананы қайғы найзағайы осып түсті. Қашан өз кезімен сүйегін көргенше сенбеді. Амал қанша, ақиқаттың аты ақиқат. Келешегінен көп үміт күткен Ләззаты боп-боз болып табытта жатты. Мәйітті сонау Алматыдан алып келіп өздерін «Мұғалімімін. Бірге оқитын достарымыз» деп таныстырғандардың «Тәтетай, қызыңыз бөлмелестері арасындағы бір кикілжіңде намыстанып, бес қабатты жатақхананың шатырынан өзін-өзі тастап жіберді» дегендері емес-емес есінде.

Алайда, қызының денесін мұқият қараған кезінде байқағаны – шүйдесі ғана жарылған. Кейін, мейрам суын берген ауылдағы көпті көрген апайлардың бірі тырнақтарының қанталап, көгеріп тұрғанын айтты.

Ләззатын жер қойнына тапсырысымен дереу Алматыға аттанбақта болған. Алайда, аяқ астынан соққан тағдыр тегеуріні оңай ма? Ес жия алмады. Оның үстіне емшектегі Ажары да бір қолбайлау. Әйтсе де, қызының қырқы өтіп, кішкене өзіне-өзі келген соң келінін ертіп астанаға сапар шекті. Дегенмен, оқу орындағылар баяғы айтқандарынан танбады. Бөлмелерінде 90 сом қолды болыпты. Біреулер бұны Ләззаттан көрсе керек. «Осыған намыстанып түнгі сағат 11-лерде шатырдан өзін-өзі тастап жіберді» деп зар қағады жолыққандары. Тіпті бұған, яғни, анасына жазған соңғы хаты да бар көрінеді. Бірақ, айтуларына – ол хат әлдеқалай бір министрліктің адамдарында. Сорлы ана сарыла іздеп жүріп әлгі «әлдеқалай бір министрлікті» де тапты. Ол жерде бірден көзіне түскені – түсі сұсты бір жандардың қазақтың уыздай қыз-жігіттерінен жауап алып жатқаны. Бірі бет-аузын, бірі басын, бірі қолын таңып алған байғұс балалар бірінен соң бірі бөлмеге кезекпен кіріп-шығып жатты. Бұл сол жерде қызының қолымен жазылды делінген хатпен де танысты. «Жазықсыз жабылған жаланың құрбаны болып барамын» деп қана жазылыпты онда.

– Құдай-ау, «бөлмедегі бір кикілжіңнің» салдарынан қаза тапқан қыздың хаты, әлгібір баратын шытырман жолы да, қалың қапталған есіктері де көп, қабат-қабат зәулім үйдегі кісілерге не үшін қажет болды екен? Анық білетін туыстарымының, көршілеріміздің айтуынша қызымның сүйегін әкелгенде қайдағы бір танымайтын адамдар



ауылды қаптап жүріпті. Арасында тіпті орыстар да бар көрінеді. Егер өз кінәсінен қайтыс болса олар неге мұнша сонау Алматыдан ат сабылтып әуре болып жүр... – дейді Алтынай тәте өксік ата.

Рас-ау, айдаладағы біреудің қызының қазасына олардың неғып «қабырғасы қайысып» жүр? Жалпы сонау бес қабатты үйдің шатырынан құлаған қыздың денесіне сызат түспеуі, тек шүйдесі ғана жарылуы мүмкін бе? Әр-бірден соң Ләззаттың өлімі басқа бір кезеңге емес, дәл сол бір дүрбелеңге толы желтоқсан күндеріне тап келуі қалай? ...

1990 жылғы мамырдың 14 жұлдызында Алтынай тәте Алматыға арнайы шақырылды.

– Баспаға іздеп тауып барсам, Мұхтар аға Шаханов жұмыста жоқ екен. Қабылдау бөлмесінде отыратын Ләйлә атты қызға, тағыда бір кіріп-шығып жүрген жігіттерге жағдайымды айтып едім, олар ағаның үйіне телефон шалды: «Осылай да осылай, Ләззат Асанованың анасы келіп отыр» деп. Сөйтсе ол кісі Мәскеуден таң алдында ғана ұшып келіп, үйге енген беті екен. Киімін де шешінбестен мені Үкімет үйіндегі жұмыс орнына ертіп әкелуді тапсырыпты. Халқы үшін шырылдап жүрген абзал ағамен сол бір кездесуді ешқашан ұмытпаймын. Ол кісі әуелі маған ізденбегенім үшін ұрысты, ашуланды, тіпті ұлтымыз өкілдерінің ынжықтығына күйініп, көзіне жас та алды... Артынша-ақ сабасына түсіп, Ләззатымды ақтауға талпынудың жол-жорығын нұсқады, – деді ол осы сапары туралы тебіреніп.

– Сабыр етіңіз, заман өзгеріп келеді. Әлі-ақ Мұхтар аға айтқандай Ләззаттың аты батырлар қатарынан аталар, – дедік өзімізше рух беріп.

– Ой әкелерім-ай, онысын қайдам, әйтеуір аты жаладан ақталсыншы... – деді қайран ана пұшайман халде.

Халқымыздың жоқтаушысы Мұхтар ағаның, Ләззат туралы республикалық басылымдарда мақалалар жазған басқа да жанашыр азаматтардың осындай батыл қадам, ізгі ойлары Ақжазық ауылының азаматтарынан қолдау табар ма екен? Өздерінің қырдың қызғалдағындай жайқалып өсіп келе жатқанда мерт болған қыздарының есімдерін озбырлық пен әділеттіліктің күресінде қаза тапқан жан ретінде есте қалдыру үшін олар қандай шараларды жүзеге асырмақ. Ендігі сөз – ақжазықтарда!

Нұрәділ БЕГІМБЕТОВ,
КСРО Журналистер
одағының мүшесі.
1991 жыл, қараша.



Базархан ЖАҚЫБАЕВ: ӘЛДИІМЕН АТЫРҒАН САРЫ ТАҢДЫ, АМАН ЕТШІ АНАНЫ, О, ЖАРАТҚАН...

Сырлы үні сылдыр ағыс сарынында,
Тіршілік қан жүгірткен тамырына.
Шұрайлы ой, шұғылалы сезім силап,
Жол ашқан таланттының тағдырына.

Арынды ағын құшқан арналы Өсек,
Толағай толқынынан самал есед.
Өңірін Жаркенттің жәннәт төр ғып,
Жатырсың гүлден өріп, кілем төсеп.

АБАЙ ХӘКІМ ЖАЗҒАНДАЙ

Абай хәкім жазғандай қансонарды,
Қыс келгенде жасалар сан жоралғы.
Алғашқы қар жапқанда қара жерді,
Аңшы ит ертіп, бүркітін қолға алады.

Құмарлы жас ұмытып ішер асын,
Із кеспекке даланың тау мен тасын.
Қырдан қашқан түлкіге қиқу салып,
Тартыпты әне қыранның томағасын.

Бозбалалар баптаған жарау атты,
Салбурынға сабылтар келді сәті.
Ұшқыр тазы аттатпай аң біткенді,
Ұстағаны көргенді таңырқатты.

Қансонардан олжалы қайтқан дүрмек,
Қалжың сөзбен қағыспай қалай жүрмек.
Қанжығасы майланған саяшыдан,
Қызды ауылда сый көрмек, ойнап күлмек.

КӨКТЕМДЕ

Көктем нұры көгілдір төгіп шуақ,
Келіп жатыр көкті алып құстар шулап.
Тізбек-тізбек үзілмей көлін іздеп,
Құс базарға айналды өзен, суат.

Жасыл құрақ жайлаған кең даланы,
Бозторғайлар қалықтап ән салады.
Таң келгенде орманды сан құбылтан,
Бұлбұл үнге барша өңір тамсанады.
Тасып арна гүрілі асып қырдан,
Толқын қуып толқынды асықтырған.
Ынтықтырып жағадағы ақ қайыңды,
Құдірет күш өзенге ғашық қылған.

Сәмбі талда тұрғандай сырын ашып,
Бұтақтары айдынға тиіп қашып.
Тоятты ағыс, тоқ балтыр еткен шақта,
Сый көрсетпек бүрінен шашу шашып.



ТАУ КӨРІНІСТЕРІ

Жырласам тауларымды жетерме тіл,
Басы қар бауыры майса етегі гүл.
Жаңғырып жартасына жасын түссе,
Қойнаудан қорым жылжып етеді дір.

Шыңдардан шымырқантып ескен самал.
Бұлттарды найзағайлап бұзды қамал.
Жаңбырдан жауып өткен жаңа ғана,
Қалыпты кемпірқосақ өрнек салар.

Сәулелі күннен түскен мұздар еріп,
Еңіске ентелейді шыңнан жеріп.
Қосылып жол жөнекей сансыз бұлақ,
Арындап ағындайтын тауып желік.

Қыраны қалықтап жүр биіктерде,
Аң біткен жусап жатыр киіккерде.
Арналмақ ілген олжа аналыққа,
Аңсаған ұя басып «қалжа» дәмге.

Суырдың, қоңыр аю қазып інін,
Жүр әне жаз бойында бермей тыным,
Қабаннан қар барысы сезік тапса.
Айқасқа ұласады қанды қырғын.

Бұқпалап бұғы-марал қарағайды,
Алаңдап алаңдайды жағалайды.
Тас-тастың арасымен жылыстаған,
Түлкіде тышқан інін бағамдайды.

Қарашы әне, Ұлар құс беткейді алып,
Жайылған көк құраққа оты қанып.
Сезіктенсе шаршы өрге ұмтылды.
Қуғынға жеткізбеске жанын салып.

Қашанда жүгірістен тарықпайды,
Биікке ілінгенше қарықпайды.
Ұшқанда қанаттары қарсы бетке,
Қорғаныс ұшағындай қалықтайды.

Киіз үй тау етегі жұмыртқадай,
Күркіреп өзен ағар ауыл жанай.
Сұлуды суға келген арша бетке,
Ертетін ебін тауып беу, бозбала-ай.

АСАУ ӨСЕК

Асқар шыңды Алатаудың алабынан,
Басталған сарқырама сан ағыннан.
Буырқанып бұлқынған асау Өсек,
Жаңғыртады жартасты ана қырдан.

Тамшы нәрін таусылмас мұздан алған,
Тасқын күшке толассыз мейірі қанған.
Шабыт алып шатқалдан сайды сәндеп,
Орманымен тауларға өрнек салған.

Қой маңырап қыратта қозы шулап,
Жас төл біткен секіріп ойын құрмақ.
Иір тірсек боталар шапқылайды,
Уызданған кешегі құлын тұрмақ.

Көк шалғынға сай-сала бөленгені,
Нәрін теріп гүлінен көбелегі.
Жылы күнде жылқыны суға айдаған,
Нағыз батыр көктеудің бүгелегі.

Осылай көктем келіп көріктеніп,
Қырдың шөбі самалдан желіктеніп.
Күркіреген бұлтпен еріп келіп,
Өтіп жатыр ақ жаңбыр төгіп-төгіп.

ӘЛДИІМЕН АТЫРҒАН САРЫ ТАҢДЫ

Айыра алмай қыздарды қызыл гүлден,
Жігіттер көп қызыққа қызып жүрген.
Бар өмірден думан той етіп өтер,
Аруларды аялап аңсай білген.

Әйел деген жұмыр жер бәйшешегі,
Ынтық үміт оларсыз баз кешеді.
Арыстандай жүректің елжіреуін,
Еміренген еркелі наз шешеді.

Тіршіліктің бастауы аналарда,
Содан туар қара да, даналар да.
Бесігінді тербетші аяулы ана,
Саған жетер жалғанда баға бар ма?!

Жию үшін шаттықты шартараптан,
Әке ұғымын ерлерге арқалатқан.
Әлдиімен атырған сары таңды,
Аман етші ананы, О, Жаратқан.

Құтты болсын мереке бейбіт күнің,
Жалғасумен жарассын жарқынды үнің.
Көрік берген әлемге гүл бейнелі,
Махаббатсың – арулар балдай шырын.

АДАМНЫҢ АСПАНИ ТАБИҒАТЫ

Алланың құдіреті шексіз екен,
Жеті қат көкті билеп еткен мекен.
Аспанның әлеміне жұлдыз шашып,
Әмірі сол арқылы жерге жеткен.

Тәңірдің қалауымен жаралатын,
Жұлдыздан бар тіршілік таралатын.
Жеті жарық көктегі нұр жіберед,
Адамның жаны, тәні нәр алатын.

Зуһал жұлдыз ұрыққа қан түзетіп,
Жаратқан әмірімен тұр күзетіп.
Мұштары ет пен сүйек жаратқан соң,
Маррихтан келеді екен жан ізет қып.

Күн нұры жаратқанда тірі жанын,
Зуһра қалыптайды адам тәнін.
Ғұтрад жұлдызының құдіретімен,
Байланар шаранаға сезім дарын.

Талпынып бала жүрсе көп жүдейді,
Анасы «аман болып сен жүр»дейді.
Келгенінше төрт жасқа Ай қамқор боп,
Балғын дене «бесікте бес түлейді».

Күнмен Маррих кезек ап болысады,
Жиырма, отыз жас сонымен толысады.
Қан түзеуге Зуһалдың құштары артса,
Ұрық келіп жатырға қонысады.

Өмірі екен адамның жеті жұлдыз,
Нұрыменен нәр құяр түнде, күндіз.
Тәңір тек раушан-ра болады екен,
Артыңа ұрпақ тастап қалдырсаң із.



ЖАЗЫЛЫМ-2019

Құрметті оқырман!
Газетімізге алдағы 6 айлыққа жазылу басталды. Осы сәуір, мамыр, маусым айларында «Жаркент айнасы» газетіне 6 айға жазылу «Қазпоштаның» барлық бөлімшесінде жүргізіледі. Индексіміз – 65161. 6 айға жазылу бағасы – 1232 теңге.



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК
Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ
Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ
Бас редактордың орынбасары –
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ
Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.постасы:
jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➤ Газет индексі - 65161
➤ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➤ Газет «Алматы-Болашақ» АҚ басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көш, 223 В Тел/факс: 8 (727) 3784008. Офсеттік басылым.
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы қаласы,
Қабанбай батыр көшесі 147, 22 офис
Алматы облысы, Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №577